TENGRI BANK

типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"27" июня 2016 года № 46)

| **"Потребительский кредит" өнімі бойынша банктік қарыз шарты** | **Договор банковского займа по продукту "Потребительский кредит"** |
|---|---|
| **1 бап. Жалпы ережелер** | **Статья 1. Общие положения** |
| **1.1.** Осы Банктік қарыз шарты (бұдан әрі – Шарт немесе осы Шарт) "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк) Қарыз беру және қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізудің талаптары мен тәртібін (төменде берілгендей), сондай-ақ Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін (төменде берілгендей) және Банк пен Қарыз алушы арасындағы құқықтық қарым-қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді (төменде берілгендей). | **1.1.** Настоящий Договор банковского займа (далее – Договор либо настоящий Договор) определяет условия и порядок осуществления АО "Tengri Bank" (далее – Банк) операций по выдаче и обслуживанию Займа (как он определен ниже), а также устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон (как определено ниже) и иные особенности правоотношений между Банком и Заемщиком (как он определен ниже). |
| **1.2.** Шарттың талаптары стандартты нысанда белгіленген және оны Қарыз алушы Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы қабылдайды (төменде берілгендей). Банк (Банктің филиалы мен оның құрылымдық бөлімшелері) пен Қарыз алушы туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 389 бабының талаптарына сәйкес жасалған Қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте, Қосылу туралы өтініш пен осы Шарт бір құжат ретінде қаралады. | **1.2.** Условия Договора определены в стандартной форме и могут быть приняты Заемщиком не иначе, как путем подписания Заявления о присоединении (как определено ниже). Сведения о Банке (филиале Банка и его структурном подразделении) и Заемщике указываются в Заявлении о присоединении. Настоящий Договор является договором присоединения, заключаемым в соответствии с требованиями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан. При этом, Заявление о присоединении и настоящий Договор могут рассматриваться исключительно в качестве единого документа. |
| **1.3.** Қарыз алушының осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоюы Қарыз алушының Шартқа толықтай қосылуын білдіреді. Қарыз алушының Қосылу туралы өтінішке қойған қолы: | **1.3.** Подписание Заемщиком Заявления о присоединении к настоящему Договору означает присоединение Заемщика к Договору в целом. Подпись Заемщика на Заявлении о присоединении свидетельствует о том, что: |
| - Банктің таңдау үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге де төлемдерді ұстап қалу көзделмейтін кредиттеу талаптарын, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінен басқа, Банктің Қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты және Қосылу туралы өтініште көзделген комиссиялар мен өзге де | - Банк предоставил для выбора условия кредитования, при которых не предусмотрено взимание комиссий и иных платежей, учитываемых при расчете годовой эффективной ставки вознаграждения по займу в соответствии с порядком, установленным нормативным правовым актом уполномоченного органа, а также условия кредитования, предусматривающие право Банка, взимать, помимо ставки вознаграждения, комиссии и иные платежи, связанные с выдачей |

| | |
|---|---|
| төлемдерді ұстап қалу құқығын көздейтін кредиттеу талаптарын ұсынғанын;<br>- Қарыз алушының Шартты оқығанын, түсінгенін және оны қандайда бір ескертусіз және қарсылықсыз толық қабылдағанын;<br>- Шарттың Қарыз алушыға ауыртпалық салатын қандайда бір талаптардан тұрмайтынын, болған жағдайда Қарыз алушының өз мүддесі үшін оларды қабылдамайтынын;<br>- Егер, Банкте Қарыз алушы қол қойған Қосылу туралы өтініш болған кезде, Қарыз алушының Шартқа қойған қолының жоқтығына байланысты, оның Шартты оқымағанына/түсінбегеніне/қабылдамағанына сүйену құқының жоқтығын;<br>- Қарыз алушы Қарыз беру жөніндегі барлық талаптармен келісетінін;<br>- Шарттың барлық ережелерінің Қарыз алушыдің мүдделері мен еріктеріне толық сәйкес келетінін;<br>- Шартты жасау және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін бұзбайтынын және бұзуға әкелмейтінін куәландырады (төменде берілгендей).<br>**1.4.** Егер, осы Өтініштің мәтінінде басқаша айтылмаса, Шарттың барлық қосымшалары (олар болған кезде), Қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты Банк өзі көрсететін қызметтер аясында Қарыз алушыдан қабылдаған Өтініш (төменде берілгендей) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.<br>**1.5.** Қарыз алушы мен Банк, бұдан әрі бірге "Тараптар", ал әрқайсысы жеке – "Тарап" деп аталып, Қосылу туралы өтініште және осы Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.<br>**1.6.** Егер, Қосылу туралы өтініш мәтінінде басқаша мағынада берілмесе, Қосылу туралы өтініш пен осы Шартта қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар осы Шартта келтірілген мағынаға ие болады.<br>**2 бап. Шарттың мәні**<br>**2.1.** Банк Қарыз алушыға мақсатына пайдалану, қамтамасыз ету, мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділік талаптарымен ақша (бұдан әрі – Қарыз) береді.<br>**3 бап. Шарттың жалпы талаптары**<br>**3.1.** Қарыз беру талаптарын, атап айтқанда – Шарт жасалатын күнді, Қарыз мақсатын, сомасы мен Қарыз валютасын, Қарыз мерзімін, | и обслуживанием Займа и предусмотренные Заявлением о присоединении.<br>- Заемщик прочитал, понял и принял Договор в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;<br>- Договор не содержит каких-либо обременительных для Заемщика условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;<br>- Заемщик не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Банка имеется Заявление о присоединении, подписанное Заемщиком;<br>- Заемщик соглашается со всеми условиями по предоставлению Займа;<br>- все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Заемщика;<br>- заключение Договора и исполнение его условий не нарушит и не приведет к нарушению какого-либо положения действующего законодательства Республики Казахстан (как определено ниже).<br>**1.4.** Все Приложения к Договору (при их наличии), Заявления (как определено ниже), принятые Банком от Заемщика в рамках оказываемых Банком услуг, связанных с выдачей и обслуживанием Займа, являются неотъемлемой частью Договора, если иное не оговорено в тексте самого Заявления.<br>**1.5.** Заемщик и Банк, далее совместно именуемые "Стороны", а каждая в отдельности – "Сторона", принимают все условия и обязательства, определенные Заявлением о присоединении и настоящим Договором.<br>**1.6.** Понятия и определения, используемые в тексте Заявления о присоединении и настоящего Договора, имеют значение, которое приведено в настоящем Договоре, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Заявления о присоединении.<br>**Статья 2. Предмет Договора**<br>**2.1.** Банк предоставляет Заемщику деньги (далее – Заем), на условиях, его целевого использования, обеспеченности, срочности, возвратности и платности.<br>**Статья 3. Общие условия Договора**<br>**3.1.** Условия предоставления Займа, а именно – дата заключения Договора, цель Займа, сумма и валюта Займа, срок Займа, вид ставки вознаграждения, ее размер в годовых процентах, |

| | |
|---|---|
| сыйақы мөлшерлемесінің түрін, жылдық пайызбен оның мөлшерін, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін, Қарызды өтеу әдісін, негізгі борышты дер кезінде қайтармағаны және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі мен оның мөлшерін, комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ Қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты алынуы тиіс олардың мөлшерін, Қарызды өтеу мен сыйақы төлеудің тәртібі мен кезеңділігін, қамтамасыз етуін, және Шарттың қолданыста болу мерзімін Тараптар Қосылу туралы өтініште белгілейді. | размер годовой эффективной ставки вознаграждения, метод погашения Займа, порядок исчисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения, полный перечень комиссий и иных платежей, а также их размеры, подлежащие взиманию в связи с выдачей и обслуживанием Займа, порядок, периодичность погашения Займа и уплаты вознаграждения, обеспечения, и срок действия Договора определяются Сторонами в Заявлении о присоединении. |
| **3.2.** Қарызды өтеу және сыйақыны төлеу Банк кассасына қолма қол ақша салу немесе оларды қолма қол ақшасыз тәртіппен аудару арқылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәсілдермен Шарттың 1 қосымшасында белгіленген кезеңділікпен жүзеге асырылады. | **3.2.** Погашение Займа и уплата вознаграждения, осуществляются путем внесения денег наличными через кассу Банка, либо путем их зачисления в безналичном порядке, способами, предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан, с периодичностью, определенной приложением 1 к Договору. |
| **3.3.** Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өтеу мына кезектілікпен жүзеге асырылады: | **3.3.** Погашение задолженности Заемщика по Договору производится в следующей очередности: |
| 3.3.1. мерзімі өткен берешек пайда болған 90 күн ішінде [1]: | 3.3.1. в течение 90 дней образования просроченной задолженности[1]: |
| 1) негізгі борыш бойынша берешек; | 1) задолженность по основному долгу; |
| 2) сыйақы бойынша берешек; | 2) задолженность по вознаграждению; |
| 3) Шарт талаптарымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар); | 3) неустойка (штрафы, пени) в размере, определенном условиями Договора; |
| 4) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі борыш сомасы; | 4) сумма основного долга за текущий период платежей; |
| 5) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы; | 5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей; |
| 5-1) қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер*;* | 5-1) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием займа; |
| 6) Банк шығындары; | 6) издержки Банка; |
| 3.3.2. мерзімі өткен берешек пайда болған 90 жүйелі күнтізбелік күн өткеннен кейін [1]: | 3.3.2. по истечении 90 последовательных календарных дней образования просроченной задолженности[1]: |
| 1) негізгі борыш бойынша берешек; | 1) задолженность по основному долгу; |
| 2) сыйақы бойынша берешек; | 2) задолженность по вознаграждению; |
| 3) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі борыш сомасы; | 3) сумма основного долга за текущий период платежей; |
| 4) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы; | 4) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей; |
| 5) Шарт талаптарымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар); | 5) неустойка (штрафы, пени) в размере, определенном условиями Договора; |
| | 5-1) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием займа; |

[1] Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамсыздандырылған қарыздарды қоспағанда/За исключением займов, обеспеченных ипотекой недвижимого имущества

| | |
|---|---|
| 5-1) қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер*;*<br>6) Банк шығындары.<br>3.3.3. Қарыз алушының Шарт бойынша берешекті өтеуі жүргізілген төлем сомасы Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда келесі кезектілікпен жүргізіледі[2]:<br>1) сыйақы бойынша берешек;<br>2) ипотекалық қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты банктік шот жүргізу, банктік шотқа қарызды есепке жатқызу комиссияларын қоспағанда, сондай-ақ ипотекалық қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер бойынша берешек;<br>3) Шарт талаптарында белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;<br>5) ипотекалық қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер;<br>6) Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауымен байланысты Банк шығындары;<br>7) негізгі борыш бойынша берешек;<br>8) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы.<br>**3.4.** Банк Қарыз алушы туралы мәліметті кредит бюросына беруі және кредит бюросының Банкке Қарыз алушы туралы кредит есебін, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауымен байланысты ақпаратты беруі үшін Қарыз алушыдның келісімін алған.<br>**3.5.** Банктің пошталық және электронды мекен-жайлары туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы жөніндегі деректер:<br>3.5.1. Пошталық мекен-жайы: "Tengri Bank" АҚ, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Абай даңғылы, 42;<br>3.5.2. Электронды мекен-жайы: e-mail: info@tengribank.kz;<br>3.5.3. Ресми интернет-ресурсы туралы деректер: www.tengribank.kz.<br>**3.6.** Қарыз алушы осы Шартқа сәйкес өз міндеттемелері бойынша Қазақстан | 6) издержки Банка.<br>3.3.3. погашение задолженности Заемщика по Договору в случае если сумма произведенного платежа недостаточна для исполнения обязательств производится в следующей очередности[2]:<br>1) задолженность по вознаграждению;<br>2) задолженность по комиссиям и иным платежам, связанным с выдачей и обслуживанием ипотечного Займа, за исключением комиссий за ведение банковского счета, связанного с выдачей и обслуживанием ипотечного займа, а также за зачисление займа на банковский счет;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном условиями Договора;<br>4) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>5) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием ипотечного Займа;<br>6) издержки Банка, связанные с получением исполнения обязательств Заемщика по Договору;<br>7) задолженность по основному долгу;<br>8) сумма основного долга за текущий период платежей.<br>**3.4.** Банком получены согласия Заемщика на предоставление сведений о Заемщике в кредитные бюро и на выдачу кредитным бюро Банку кредитного отчета о нем, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств по Договору.<br>**3.5.** Информация о почтовом и электронном адресе Банка, а также данные о его официальном интернет-ресурсе:<br>3.5.1. Почтовый адрес: АО "Tengri Bank", Республика Казахстан, 050000, город Алматы, Медеуский район, проспект Абая, 42;<br>3.5.2. Электронный адрес: e-mail: info@tengribank.kz;<br>3.5.3. Данные об официальном интернет-ресурсе: www.tengribank.kz.<br>**3.6.** Заемщик отвечает по своим обязательствам по настоящему Договору всем своим имуществом, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.<br>**Статья 4. Права и обязанности Сторон. Ограничения для Банка** |

[2] Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамсыздандырылған қарыздар үшін қолданылады/Применяется для займов, обеспеченных ипотекой недвижимого имущества

| | |
|---|---|
| Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу мүмкін болатын өзінің барлық мүлкімен жауап береді.<br>**4 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Банк үшін шектеулер**<br>**4.1. Банк:**<br>4.1.1. Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге; Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту болып табылатындар: 1) Қарызға қызмет көрсетумен байланысты қызметтер үшін комиссиялар мен өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толықтай алып тастау; 2) тұрақсыздықты (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толықтай алып тастау; 3) сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту; 4) Шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу; 5) борыштық жүктеменің барынша көп коэффициентіне сәйкес келтіру мақсатында кредит лимитінің сомасын (азайту жағына немесе көбейту жағына қарай) өзгерту;<br>4.1.2. Қарыз алушы Қарыздың кезекті бөлігін қайтару және(немесе) сыйақы төлеу бойынша белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық мерзімге кешіктірген кезде, Қарыз алушыдан Қарыз сомасын және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруын талап етуге;<br>4.1.3. Қарыз алушыдан (-лардан) Қосылу туралы өтініш, осы Шарт бойынша міндеттемелерін толықтай, сондай-ақ қарызға қатысты бөлігін орындауын талап етуге;<br>4.1.4. кез келген уақытта Қарыз алушының қаржы жағдайын тексеруге;<br>4.1.5. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны туралы ақпаратты, сондай-ақ Қарыз алушының кредит досьесіндегі кез келген ақпаратты өз қалауы бойынша кредит бюросына беруге;<br>4.1.6. осы Шартта белгіленген талаптармен Қарыздың барлық сомасын, Қарызды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақымен бірге мерзімінен бұрын өндіріп алуға;<br>4.1.7. Қарыз алушының күмәнді ақпарат бергендігі және/немесе оның қаржы жағдайының нашарлағаны анықталған жағдайда, Қарыздың барлық сомасын, Қарызды | **4.1. Банк вправе:**<br>4.1.1. изменять в одностороннем порядке условия Договора в сторону их улучшения для Заемщика. Улучшением условий Договора для Заемщика является: 1) изменение в сторону уменьшения или полная отмена комиссий и иных платежей за оказание услуг, связанных с обслуживанием Займа; 2) изменение в сторону уменьшения или полная отмена неустойки (штрафа, пени); 3) изменение в сторону уменьшения ставки вознаграждения; 4) отсрочка и (или) рассрочка платежей по Договору; 5) изменение суммы кредитного лимита (в сторону уменьшения или в сторону увеличения) в целях приведения в соответствие с максимальным коэффициентом долговой нагрузки;<br>4.1.2. требовать от Заемщика досрочного возврата суммы Займа и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части Займа и/или выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней;<br>4.1.3. требовать исполнение обязательств по Заявлению о присоединении, настоящему Договору от Заемщика (-ов), причем как полностью, так и части долга;<br>4.1.4. в любое время осуществлять проверку финансового состояния Заемщика;<br>4.1.5. в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору передать информацию о неисполнении или ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по настоящему Договору, а также любую информацию, содержащуюся в кредитном досье Заемщика, в кредитные бюро по своему усмотрению;<br>4.1.6. досрочно взыскивать всю сумму Займа с начисленным вознаграждением за пользование Займом на условиях, установленных настоящим Договором;<br>4.1.7. при выявлении случаев предоставления Заемщиком недостоверной информации и/или ухудшения его финансового состояния, досрочно взыскать всю сумму Займа с начисленным вознаграждением за пользование Займом;<br>4.1.8. в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств по выплате суммы начисленного вознаграждения и образования просроченной задолженности, в одностороннем порядке |

пайдаланғаны үшін есептелген сыйақымен бірге мерзімінен бұрын өндіріп алуға;

4.1.8. Қарыз алушы есептелген сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемесін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған және мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда, сыйақы есептеуді бір жақты тәртіппен тоқтатуға немесе тоқтатып қоюға;

Сыйақы есептеуді қалпына келтіруді Банк есептеу тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған күннен бастап бір жақты тәртіппен кез келген уақытта жүзеге асырады.

4.1.9. Қарыздың негізгі сомасын өтеу, сондай-ақ сыйақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешек пайда болғаны үшін, сондай-ақ осы Шартта белгіленген өзге де міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл (тұрақсыздық, өсімпұл) есептеуді бір жақты тәртіппен тоқтатуға немесе тоқтатып қоюға және қалпына келтіруге;

4.1.10. Қарыз алушының келісімі бойынша осы Шарт әрекетте болатын мерзім ішінде сыйақы мөлшерлемесін (лерін) сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне өзгертуге;

4.1.11. Қарыз алушының келісімі бойынша Қарыз берілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін сыйақы мөлшерлемесін (-лерін) көбейту жағына қарай өзгертуге құқығы бар. Бұдан әрі Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына қарай жүргізілетін әрбір өзгерту, алдында осындай Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгертілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін ғана мүмкін болады;

4.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда, оның ішінде берешекті өндіріп алу үшін заңнамамен тыйым салынбаған кез келген іс-шараларды жүргізу мақсатында басқа банктер және (немесе) ұйымдарда субъектінің келісімінсіз дербес деректерді жинауға және өңдеуге; субъектінің өзінен және Қарыз алушыны қоса алғанда кез келген үшінші тұлғалардан субъектінің дербес деректерін жинауға (алуға), сондай-ақ банктік қызметтер көрсетумен байланысты жасалған шарттар аясында субъектінің деректерін үшінші тұлғаларға/ Банктің контрагенттеріне беруге/ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жалпыға қолжетімді дереккөздерінде таратуды; жинауды, өңдеуді, жазуды, көшіруді, резервік көшіруді, қорғауды, скорингтеуді, жүйелеуді, жинақтауды,

прекратить или приостановить начисление вознаграждения.

Возобновление начисления вознаграждения может производиться Банком в любое время в одностороннем порядке с даты прекращения или приостановления начисления;

4.1.9. в одностороннем порядке прекращать или приостанавливать и возобновлять начисление штрафов (неустойки, пени) за образование просроченной задолженности, как по погашению основной суммы Займа, так и по уплате вознаграждения, а также за неисполнение иных обязательств, установленных настоящим Договором;

4.1.10. изменять по соглашению с Заемщиком ставку (-и) вознаграждения на плавающую ставку вознаграждения в течение срока действия настоящего Договора;

4.1.11. по соглашению с Заемщиком изменять ставку (-и) вознаграждения в сторону увеличения по истечении трех лет с даты выдачи Займа. Каждое последующее изменение ставки (-ок) вознаграждения в сторону ее увеличения по Займу возможно по соглашению с Заемщиком, но не ранее трех лет со дня предыдущего изменения ставки вознаграждения по такому Займу;

4.1.12. производить сбор и обработку персональных данных без согласия субъекта в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, в том числе в иных банках и(или) организациях для целей проведения любых, не запрещенных законодательством мероприятий для взыскания задолженности; собирать (получать) персональные данные субъекта от самого субъекта и любых третьих лиц, включая Заемщика, а также передавать данные субъекта третьим лицам/контрагентам Банка в рамках заключенных договоров, связанных с предоставлением банковских услуг/распространять в общедоступных источниках с учетом требований законодательства Республики Казахстан; осуществлять с персональными данными субъекта любое действие (совокупность действий), с использованием/без использования средств автоматизации, включая, но не ограничиваясь: сбор, обработка, запись, копирование, резервное копирование, защита, скоринг, систематизацию, накопление, хранение, изменение, обновление, извлечение, использование, передачу, распространение, предоставление доступа, в том числе, передачу третьим лицам с правом обработки,

| | |
|---|---|
| сақтауды, өзгертуді, жаңартуды, шығаруды, пайдалануды, тапсыруды, таратуды, қолжетімділік ұсынуды, соның ішінде өңдеу құқығымен үшінші тұлғаларға тапсыруды, дара биліктен айыруды, оқшаулауды, жоюды, құртуды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей, автоматтандыру құралдарын қолданумен/ қолданусыз субъектінің дербес деректерімен кез келген іс-әрекетті (іс-әрекеттер жиынтығы) жүзеге асыруға;<br>4.1.13 Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, оның ішінде осы Шарттың 4.3.5 тармақшасына сәйкес жолданған хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, Банк:<br>1) Қарыз алушы Шартта Қарыздың кезекті бөлігін қайтаруға және (немесе) сыйақы төлеуге белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам уақытқа кешіктірген кезде Қарыз алушыдан Қарыз сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;<br>2) Қарыз алушыдан негізгі борыш бойынша мерзімі өткен берешек және мерзімі өткен сыйақы үшін Шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздықты (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуға;<br>3) Қарыз алушыдан Шарт бойынша және Банк пен Қарыз алушы арасында жасалған өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауын талап етуге;<br>4) Қарыз алушының берешегін сот тәртібінде өндіріп алуға;<br>5) үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық ұйымдарға Шарт бойынша қажетті құжаттар мен ақпаратты бере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен берешекті өндіріп алуды тапсыруға;<br>6) Қарыз алушының кез келген мүлкінен сот тәртібінде өндіріп алуға;<br>7) бір жақты тәртіппен Қарыз беруді тоқтатуға / тоқтатып қоюға;<br>8) Қарыз алушының талабы бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер түрінде Қарыз | обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение;<br>4.1.13. в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору, в том числе неудовлетворения требований, вытекающих из уведомления, направленного в соответствии с подпунктом 4.3.5 настоящего Договора, Банк вправе:<br>1) требовать досрочного возврата суммы Займа и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного Договором для возврата очередной части Займа и (или) выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней;<br>2) взыскивать неустойку (штраф, пеня) с Заемщика за просроченную задолженность по основному долгу и за просроченное вознаграждение в размерах, установленных Договором;<br>3) потребовать от Заемщика досрочно исполнить все обязательства по Договору и иным сделкам, заключенным между Банком и Заемщиком;<br>4) взыскать задолженность Заемщика в судебном порядке;<br>5) поручить взыскание задолженности третьим лицам, в том числе в коллекторским агентствам в порядке, предусмотренном действующим законодательством, с предоставлением необходимых документов и информации по Договору;<br>6) обратить взыскание на любое имущество Заемщика в судебном порядке;<br>7) в одностороннем порядке прекратить/приостановить предоставление Займа;<br>8) обратить взыскание в бесспорном (безакцептном) порядке на деньги, в том числе путем предъявления платежного требования, имеющиеся на любых банковских счетах Заемщика, за исключением денег, получаемых Заемщиком в виде пособий и социальных выплат, выплачиваемых из государственного бюджета и (или) Государственного фонда социального страхования, находящихся на банковских счетах, открытых по требованию Заемщика, в порядке, определенном нормативным правовым актом уполномоченного органа, алиментов (денег, предназначенных на содержание несовершеннолетних и нетрудоспособных совершеннолетних детей), находящихся на |

| | |
|---|---|
| алушы алатын ақшаны, Қарыз алушының талабы бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашылған банктік шоттардағы алименттерді (кәмелет жасқа толмаған және еңбекке жарамсыз балаларды асырауға арналған ақша), сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдері түріндегі ақшаны, тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі ақшаны, нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны және "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны қоспағанда, Қарыз алушының кез келген банктік шотындағы ақшадан талассыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде төлем талабын беру арқылы өндіріп алуға.<br><br>Төлем талап беру арқылы Қарыз алушының осы Шарт бойынша берешегін өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен Қарыз алушының банктік шотына түсетін ақшаның әрбір сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде шектеледі және банктік шотқа төлем тапсырманы толық орындау үшін қажетті барлық соманың түсуін күтпей жүзеге асырылады. Көрсетілген шектеулер Қарыз алушының жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.<br><br>Бұл ретте, жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген күнкөріс минимумы мөлшерінен кем болмауы тиіс *(бұл абзац 24.09.2019 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі).*<br><br>Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шотынан ақша сомасын шығару (есептен шығару) Қарыз алушының міндеттемесі валютасынан өзге валютада жүргізілсе, шығарылған ақшаны міндеттеме валютасына айырбастау Банк таңдауы бойынша – Банк белгілеген шығарылған валютаны немесе Қарыз алушының міндеттемесі валютасын сату немесе сатып алу бағамы бойынша және (немесе) Банк белгілеген шығарылған валютаның Қарыз алушы міндеттемесі валютасы бағамына қатысты Банк тарифтеріне сай айырбастау | банковских счетах, открытых по требованию Заемщика, в порядке, определенном нормативным правовым актом уполномоченного органа, а также жилищных выплат, предусмотренных Законом Республики Казахстан "О жилищных отношениях", денег, находящихся на банковских счетах в жилищных строительных сберегательных банках в виде жилищных строительных сбережений, накопленных за счет использования жилищных выплат, денег, внесенных на условиях депозита нотариуса, и денег, находящихся на банковских счетах по договору об образовательном накопительном вкладе, заключенному в соответствии с Законом Республики Казахстан "О Государственной образовательной накопительной системе".<br><br>Взыскание задолженности Заемщика по настоящему Договору путем предъявления платежного требования ограничивается в пределах 50 (пятидесяти) процентов от суммы денег, находящейся на его банковском счете, и (или) от каждой суммы денег, поступающей в последующем на банковский счет Заемщика, и осуществляется, не дожидаясь поступления на банковский счет всей суммы, необходимой для полного исполнения платежного требования. Указанное ограничение не распространяется на деньги, находящиеся на сберегательном счете Заемщика.<br><br>При этом сумма денег, сохраняемая на текущем счете физического лица, должна быть не менее размера прожиточного минимума, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете *(настоящий абзац вводится в действие с 24.09.2019 года).*<br><br>Если изъятие (списание) суммы денег с банковского счета Заемщика, открытого в Банке, производится в валюте, отличной от валюты обязательства Заемщика, то конвертирование изъятых денег в валюту обязательства осуществляется о выбору Банка – по установленному Банком курсу продажи или покупки изъятой валюты или валюты обязательства Заемщика, и(или) по устанавливаемому Банком курсу изъятой валюты к валюте обязательства Заемщика с взиманием за счет Заемщика комиссии за конвертацию согласно тарифам Банка (в том числе при удержании комиссии за конвертацию из сконвертированной суммы денег). |

комиссиясын Қарыз алушы есебінен алу арқылы (соның ішінде айырбасталған ақша сомасынан айырбастау комиссиясын ұстау кезінде) жүргізіледі.

Осы арқылы Қарыз алушы Банкке Қарыз алушының қосымша келісімінсіз (акцептсіз) Қарыз алушыға, оның ішінде жеке кәсіпкер ретінде және (немесе) жеке тұлға ретінде оның атына ашылған кез келген банктік шоттардан ақшаны есептен шығару құқығын берді; 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес берешекті өндіріп алу бойынша басқа да шараларды қолдануға;

Осы немесе басқа да шараларды қолдану (немесе шараларды жиынтығында қолдану) қажеттілігін Банк жеке өзі белгілейді.

4.1.14. Қарыз алушыдан Қарыздың мақсатына пайдаланылғанын растайтын құжаттар беруін, оның ішінде Қарызды мерзімінен бұрын өтеген кезде талап етуге, осы Шарт жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Қарыз қайтарылатын және есептелген сыйақы төленетін жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ осы Шарт қолданыста болатын мерзім ішінде Қарыздың мақсатына пайдаланылғанын тексеруді жүзеге асыруға; Банк Қарыздың мақсатсыз пайдаланылғанын анықтаған жағдайда, Қарыз алушыдан Қарыз пайдаланылған барлық мерзім ішінде Қарыздың пайдаланылған бөлігіне есептелген сыйақыны төлей отырып, Банк белгілеген мерзімде Қарызды мерзімінен бұрын қайтаруын талап етуге;

4.1.15. банктерден және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан Қарыз алушының банктік шоттарының бар екендігі және олардың нөмірлері туралы анықтаманы сұратуға, бұл ретте тиісті ақпарат алу үшін қажет болатын шекте банктік құпияны жариялауға;

4.1.16. берешекті соттан тыс өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге, Шарт бойынша құқықтар (талаптар) мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беруге; Осы Шартқа қосыла отырып, Қарыз алушы Банкке Қарыз алушының қосымша (жеке) келісімін алмай, Шарттың осы тармағында көзделген құқықтарды іске асыруына келісімін береді.

4.1.17. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін, сондай-ақ қамсыздандыру

Настоящим Заемщик предоставил Банку право списания денег без дополнительного согласия (акцепта) Заемщика с любых банковских счетов, открытых Заемщику, в том числе как индивидуальному предпринимателю и(или) как физическому лицу; 9) принять другие меры по взысканию задолженности в соответствии с действующим законодательством и настоящим Договором.

Необходимость применения той или иной меры (или применения мер в совокупности) определяется Банком самостоятельно.;

4.1.14. требовать от Заемщика предоставления документов, подтверждающих целевое использование Займа, в том числе при его досрочном погашении, за исключением случая возврата Займа и оплаты начисленного вознаграждения в течение четырнадцати календарных дней с даты заключения настоящего Договора, а также осуществлять в течение срока действия настоящего Договора проверки целевого использования Займа. При выявлении Банком нецелевого использования Займа требовать от Заемщика досрочного возврата Займа с выплатой начисленного вознаграждения в части использованного Займа за весь период пользования Займом, в установленный Банком срок;

4.1.15. запрашивать в банках и (или) организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, на территории Республики Казахстан и за ее пределами, справки о наличии и номерах банковских счетов Заемщика, при этом раскрывать банковскую тайну в пределах, необходимых для получения соответствующей информации;

4.1.16. передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству, уступить право (требование) и обязанности по Договору третьим лицам. Присоединяясь к настоящему Договору Заемщик предоставляет Банку согласие на реализацию Банком права, предусмотренного настоящим пунктом Договора, без необходимости получения дополнительного (отдельного) согласия Заемщика;

4.1.17. получить возмещение всех затрат, понесенных Банком в связи с неисполнением/ненадлежащим исполнением Заемщиком обязательств по Договору, а также обязательств по предоставлению обеспечения и/или иных относящихся к Договору обязательств;

| | |
|---|---|
| беру жөніндегі міндеттемесін және/немесе Шартқа қатысты басқа да міндеттемелерді орындамауы/тиісті түрде орындамауы салдарынан Банкке келтірілген барлық шығындарды өтеуін талап етуге;<br>4.1.18. Банк Шартқа сәйкес өзіне тиесілі төлемді толық сомада алмаған жағдайда, Банк осындай ақша сомасын (Қарыз алушы тарапынан кез келген нысандағы ешқандай да бір қосымша келісімсіз), Банкте және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында сондай-ақ одан тыс жерлердегі қаржы мекемелерінде ашылған Қарыз алушының барлық және кез келген банктік шоттарынан ақшаны есептен шығару (алу) арқылы немесе Қарыз алушы тарапынан кез келген нысандағы ешқандай да бір қосымша келісімсіз, Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы өндіріп ала алады. Көрсетілген мақсаттар үшін Қарыз алушы Банктің Қарыз алушының банктік шотынан ақшаны есептен шығаруына (алуына) және/немесе тікелей дебеттеуіне өзінің келісімін береді (Банкке уәкілеттік береді);<br>4.1.19. Өз қалауы бойынша Қарыз алушыдан:<br>а) қамсыздандыру құны төмендеген жағдайда (себебіне қарамастан) – қамсыздандыруды өтімділігі бойынша тең бағалы, құны қамсыздандырудың бастапқы құнынан жоғары немесе оған тең өзге қамсыздандырумен ауыстыруын; Егер, Банк осындай ауыстыруды шешетін болса, қамсыздандыру ауыстырылған немесе Банкке қамсыздандыру құнына сәйкес келетін ақша сомасы төленген жағдайда, Банк қамсыздандыруға деген өзінің құқығынан жазбаша бас тарта алады. Бұл ретте, Қарыз алушы қамсыздандыру құнының төмендегенін растау үшін Қарыз алушы есебінен тәуелсіз бағалаушының қамсыздандыруды қайта бағалау шарасын жүргізуін талап етуге құқылы;<br>б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк үшін қолайлы әдістермен кепіл затын мерзімді түрде қайта бағалауды немесе басқа да тиісті бағалауды жүргізуін талап етуге;<br>4.1.20. Төменде көрсетілген жағдайларда Шарт бойынша қаржыландыруды бір жақты тәртіппен тоқтатып қоюға/тоқтатуға, қолданыстағы заңнамада және/немесе осы Шартта белгіленген жағдайларда, Қарыз алушының Банк алдындағы берешек сомасын мерзімінен бұрын қайтаруын талап етуге, оның | 4.1.18. если Банком не получен платеж в полной сумме, причитающейся ему в соответствии с Договором, Банк вправе получить возмещение таких сумм посредством изъятия сумм задолженности Заемщика по Договору в любое время путем бесспорного без какого-либо дополнительного согласия в любой форме со стороны Заемщика списания (изъятия) со всех и любых банковских счетов, открытых Заемщику в Банке и/или ином финансовом учреждении как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами, или путем прямого дебетования банковского счета Заемщика, открытого в Банке без какого-либо дополнительного согласия в любой форме со стороны Заемщика. Для указанных целей Заемщик дает свое согласие Банку (уполномачивает Банк) на такое списание (изъятие) и/или прямое дебетование денег с банковских счетов Заемщика;<br>4.1.19. по своему усмотрению потребовать от Заемщика:<br>а) в случае снижения стоимости обеспечения (независимо от причин) – замены обеспечения иным, равноценным по ликвидности, стоимость которого больше или равна первоначальной стоимости обеспечения. Если Банком будет разрешена такая замена, Банк может письменно отказаться от своих прав на обеспечение при условии, что обеспечение будет заменено или Банку будет выплачена сумма денег, соответствующая стоимости обеспечения. При этом, Заемщик вправе потребовать проведения переоценки обеспечения независимым оценщиком для подтверждения факта снижения стоимости обеспечения, за счет Заемщика;<br>б) проведения периодической переоценки предмета залога или иного подлежащего оценке обеспечения в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан, приемлемыми для Банка методами;<br>4.1.20. в одностороннем порядке приостановить/прекратить финансирование по Договору, требовать досрочного возврата сумм задолженности Заемщика перед Банком по Договору, в случаях, установленных действующим законодательством и/или настоящим Договором, в том числе в одностороннем порядке приостановить выдачу Займа в случаях: (1) нарушения Заемщиком своих обязательств перед Банком; (2) ухудшения финансового состояния Заемщика; (3) изменения требований действующего законодательства |

ішінде келесі жағдайларда Қарыз беруді бір жақты тәртіппен тоқтатып қоюға: (1) Қарыз алушы Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзған; (2) Қарыз алушының қаржы жағдайы нашарлаған; (3) Банктің Шартты тиісті дәрежеде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары өзгерген, сондай-ақ келесі:

1) егер, Банк мақұлданған, бірақ Қарыз алушыға берілмеген Қарыз бойынша тиісті валютадағы Қарызды беруді тоқтатып қойған, беруге тыйым салған кезде, Банк өз қызметін жүзеге асыру үшін қолайсыз деп санайтын жағдайлар бойынша Қарыз беруді тоқтатып қойған, тыйым салған жағдайда, ақша нарығындағы және(немесе) капиталдар нарығындағы және (немесе) қаржы нарығындағы және(немесе) валюталар бағамындағы және(немесе) инфляция, девальвация көрсеткіштеріндегі өзгерістерді қоса, бірақ бұлармен шектелмей,

2) Қарыз алушы Шарт жасалғанға дейін және ол қолданыста болған кезеңде Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның талаптарын, Банкке берген растауларды бұзған кезде, сондай-ақ Шарт қолданыста болған мерзім ішінде Қарыз алушының, Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепілдеме берушінің және қамсыздандыру берген басқа да тұлғаның қаржы жағдайы нашарлаған немесе осындай нақты қатер болған, және (немесе) Қарыз алушы Банк талаптарын қанағаттандыратын қамсыздан-дыруды беру жөніндегі міндеттемесін тиісті мерзімде орындамаған жағдайда,

3) Қарыз тағайындалғаны мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе Банкке Қарыздың мақсатына сәйкес пайдаланылғаны жөніндегі құжаттар, кірістерді көрсететін және растайтын құжаттар берілмеген немесе толық көлемде берілмеген, сондай-ақ Қарыз алушы, қамсыздандыруды берген үшінші тұлға берген ақпарат пен (немесе) құжаттар, оның ішінде қамсыздандыру бойынша, сенімді және (немесе) толық болмаған жағдайда,

4) осы Шартты, Қамсыздандыру туралы шартты даулау кезінде, әлдекім қамсыздандыруға талап қойған (оның ішінде мемлекет мұқтаждығы үшін Банкке кепілге салынған мүлікті алу (сатып алу) мүмкіндігіне байланысты), кепіл затының жағдайы нашарлаған немесе ол кез келген себептермен жоғалған кезде, бағалау (қайта бағалау)

Республики Казахстан, влияющих на надлежащее исполнение Банком Договора, а также в следующих случаях:

1) если Банком приостановлено предоставление, введен запрет на предоставление Займа в соответствующей валюте по одобренному, но не выданному Заемщику Займу, и(или)приостановлено предоставление, введен запрет на предоставление Займа по обстоятельствам, которые признаются Банком неблагоприятными для осуществления Банком своей деятельности, включая, но не ограничиваясь: изменения на денежном рынке и(или) рынке капиталов и(или) финансовом рынке и(или) курсов валют и(или) показателей инфляции, девальвации,

2) при нарушении Заемщиком своих обязательств, условий Договора, заверений, предоставленных Банку как до заключения Договора, так и в период действия Договора, а также если в период действия Договора ухудшилось финансовое состояние Заемщика, залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего обеспечение или существует реальная угроза этого, и (или) Заемщик не исполняет в надлежащий срок обязательство представить обеспечение, удовлетворяющее требованиям Банка,

3) если использование Займа осуществляется не по целевому назначению или Банку не предоставляются/предоставляются не в полном объеме документы по целевому использованию Займа, документы, отражающие и подтверждающие доход, а также если предоставленные Заемщиком, третьим лицом, предоставившим обеспечение, информация и (или) документы, в т.ч. по обеспечению, не являются достоверными и (или) полными,

4) при оспаривании настоящего Договора, Договора об обеспечении , предъявлении требований к обеспечению кем-либо (в т.ч. в связи с предполагаемым изъятием (выкупом) заложенного Банку имущества для государственных нужд), при ухудшении состояния предмета залога или его утрате по любым причинам, при снижении стоимости заложенного Банку имущества по результатам оценки (переоценки) и/или если отсутствует возможность проверять наличие, состояние, условия хранения заложенного Банку имущества, или существует реальная угроза этому,

5) если заключение настоящего Договора, Договора об обеспечении не было одобрено

қорытындылары бойынша Банкке кепілге салынған мүліктің құны төмендеген кезде, және /немесе Банкке кепілге салынған мүліктің бар екендігін, оның жағдайын, сақталу талаптарын тексеру мүмкіндігі болмаған немесе оған нақты қауіп төнетіндігі анықталған кезде,

5) осы Шартты, Қамсыздандыру туралы шартты жасау кепіл берушінің, кепілгердің, кепілдеме берушінің және қамсыздандыруды берген басқа да тұлғаның уәкілетті тұлғаларымен және (немесе) органдарымен мақұлданбаған жағдайда, оның ішінде қажетті келісімдер, сондай-ақ уәкілетті, мемлекеттік және басқа да органдардың/ұйымдардың рұқсаты алынбаған жағдайда,

6) Қарыз алушының осы Шартты орындауына кедергі келтіретін, қауіп төндіретін немесе кейінге қалдыратын жағдайлар туындайтын болса, Қарыз алушының мүлкіне тыйым сала отырып, оған қарсы қылмыстық іс қозғалатын, Қарыз алушыны жауапкер ретінде, оны талап ету сомасымен, осы Шарт бойынша негізгі борыштың өтелмеген қалдығы сомасына тең немесе одан жоғары сомамен сот процесіне тартатын жағдайды қоса отырып, бірақ бұлармен шектелмей;

4.1.21. Қарыз алушы терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізіміне кіргізілген жағдайда, Қарыз алушының, оның ішінде үшінші тұлғаның Қарызды өтеу шотына ақша қаражатын есептен шығару мүмкіндігін тоқтатып қоюға;

4.1.22. Қарыз алушыдан Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы заңнамасының және Банк қызметінде қолданылатын шетелдік заңнама актілерінің және халықаралық келісімдердің талаптарын Банктің сақтауы үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

**4.2. Қарыз алушы:**

4.2.1. алынған Қарызды осы Шарттың талаптарына сәйкес пайдалануға;

4.2.2. Осы Шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздықты және өзге де айыппұл санкцияларын төлемей, Қарыз берілген күннен бастап Банк есептеген

уполномоченными на то лицами и (или) органами залогодателя, гаранта, поручителя, иного лица, предоставившего обеспечение, в т.ч. не были получены необходимые согласия, а также разрешения уполномоченных, государственных и иных органов/организаций,

6) если возникли обстоятельства, которые поставили под угрозу, отложили или помешали выполнению Заемщиком настоящего Договора, включая, но не ограничиваясь: возбуждение уголовного дела против Заемщика с наложением ареста на имущество, вовлечение Заемщика в судебный процесс в качестве ответчика с суммой иска, равной или превышающей сумму непогашенного остатка основного долга по настоящему Договору;

4.1.21. приостановить возможность списания денежных средств в счет погашения Займа Заемщиком, в том числе третьим лицом, в случае, если Заемщика включили в перечень организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма;

